

№280 орта мектебі бойынша «Жас ұлан» ұйымының сандық көрсеткіші

2022-2023 оқу жылы

№	Мектеп тәлімгерінің аты-жөні (байланыс телефоны,эл.почтасы)	Мектептегі жалпы оқушы саны	Жас қыран	Жас ұлан
1	Серікбай Райса Серікбайқызы 87478115109 280RAISA@MAIL.RU	МАДты қоспағанда: 403 МАД: 22 Барлығы: 425	44 Ұлы: 22 Қызы: 22	133 Ұлы: 71 Қызы: 62
			177	

Мектеп ұланбасы туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Фотосуреті 3/4	Туған жылы,айы,күні	Қала/аудан,мектеп,сынып	Байланыс нөмері	Аға тәлімгердің аты- жөні,байланыс нөмері
1	Жұмабек Бақдаулет Асылбекұлы		23.11.2008ж	Досан ауылы,№280 орта мектеп,8 «А» сынып	87079336085	Серікбай Райса Серікбайқызы 87478115109 280RAISA@MAIL.RU

Қызылорда қаласы №280 орта мектебі
2023 оқу жылы

№	Жоба/акция атауы	Іс-шараның атауы,мазмұны	Өткізілген күні, айы	Желіге жарияланған сілтемесі	Қамтылған бала саны	Фото материал
1	«Бабалар үні»	«Жұлдызды жас ұлан» жылдық акциясы аясында өтіп жатқан «Бабалар үні» жобасына, 2023 жылдың 11 қаңтар күні, мектебіміздің 9 «Ә» сынып жас ұланы Абдулла Қарақат белсенділік танытып, қатысты. Ол Қазақ хандығының жырауы Махамбет Өтемісұлының «Мен - мен едім, мен едім!» жырынан үзінді оқыды. Батырлар жырын бүгінгі жас ұрпақтың санасына сіңіру мақсатында халық ауыз әдебиетімен, шешендік өнерімен байланыстыра отырып, бүгінгі жас ұрпақ «Батырлар жырын» жырлайды. Мектебімізде батырлар жырын жатқа оқу акциясы бұдан әрі де жалғасын табады. Ұйымдастырушы мектеп тәлімгері. Махамбет Өтемісұлы (1803, қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы - 20.10.1846, қазіргі Атырау облысы, Иnder ауданы, Жарсуат ауылы Қараой жерінде)- ақын, күйші, Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің (1836 -38) көсемі әрі жалынды жыршысы. Ол Қазақ хандығының соңғы жырауы деп деп тануға болады.	11.01.2023ж	https://www.facebook.com/100012967726657/posts/pfbid038Pwv84xQXcDsMwpRXZXNYjUZbBA4UdmYCJGhM4ZzD1WSzX4eYWi6q876xw8Yb5vbl/?d=w&mbextid=qC1gEa	1	 #280 орта мектебі 9 сынып жас ұланы Абдулла Қарақат

2	«Оқуға құштар ұлан»	«Жұлдызды жас ұлан» жылдық акциясы аясында өтіп жатқан «Оқуға құштар ұлан» жобасына, 2023 жылдың 16 қаңтар күні, мектебіміздің 9 «А» сынып жас ұланы Бақытжанқызы Маржан қатысты. Ол Бұқар жыраудың «Тілек» атты жырынан үзінді оқыды. Мақсаты: Кітап оқудың адам рөлінде алатын орыны мен маңызын оқушыларға насихаттау және сыныптар арасындағы байланысты нығайту. Бүгінгі жас ұрпақты кітап оқуға шақыру мақсатында, осы жоба үнемі ұйымдастырылады. Кітаптардың арқасында біз дамып, жаңа білім аламыз және бос уақытымызды өткіземіз. Ұйымдастырушы мектеп тәлімгері.	16.01.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02v1ts6eL94JTjeBsdCQP8fRuLnzhZ8TmXNsvpHsxvAGqycmZCdSmRLu4La6DmxyeNI&id=100012967726657&ibextid=Nif5oz	1	
---	---------------------	--	-------------	---	---	---

3	«Жас Ұлан-Шын Дос»	«Жұлдызды жас ұлан» жылдық жобасы және «Жас Ұлан-Шын Дос» акциясы аясында 2023 жылдың 19 қаңтар күні, мектебіміздің ұланбасы, мектеп дефектологы және мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен, ерекше қабілеттегі балаларымызға кедергісіз кеңістік орнату мақсатында іс-шара жасалды. Әр баланың өздері ұнататын ісімен айналысуына жағдай жасап, бірге шара өткіздік. Барынша балаларға қуаныш және көтеріңкі көңіл күй сыйлауға ат салыстық. Барлық бала бақытты болуға лайықты! Болашақтарың ашық жарқын болсын!	19.01.2023ж	https://www.facebook.com/100012967726657/posts/pfbid02BLkv5rJCAZbX5vqP6JJqH8CnwYChpRtPagYCGDn4g7pQUqGtYL6p4vzjDCSwrmogl/?mibextid=Nif5oz	7	
---	----------------------------------	--	-------------	---	---	---

4	«Көңілді үзіліс»	«Жұлдызды жас ұлан» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 23 қаңтар күні, мектебіміздің 3 «А» сынып оқушыларымен бірге, үзілісті тиімді пайдалану мақсатында және балалардың ұйымшылдығы мен қарым-қатынасын арттыру үшін бүгінгі «Көңілді үзіліс» ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы мектеп тәлімгері.	23.01.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid031i3LERek57hVLusKY8ivbBJMTkXaBiATfpQw5LXRGbxaU9fNsfaKGecrQY9truqEl&id=100012967726657&mbextid=Nif5oz	23	
---	------------------	---	-------------	---	----	---

5	«Мен сияқты жаса»	«Жас Ұлан» ұйымындағы еріктілер тобының жұмысын жалғастыру және қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастыру мақсатында, «Мен сияқты жаса» акциясы бойынша, 2023 жылдың 31 қаңтар күні, мектебіміздегі жас ұлан ұйымының еріктілері, ауылымыздағы зейнеткер Абдрасилов Жұмабек атамның үйіне барып, қол көмек көрсетті. Жұмабек ата балаларымызға алғысын білдірді! Ұйымдастырушы мектеп тәлімгері және ұланбасы.	31.01.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02jUf3RC54xeFDSGM2DCb7K6NE8gKuVjXqNshoeujCW5zrpQra3Y16T8aybHxmmUb5I&id=100012967726657&mibextid=Nif5oz	5	
---	-------------------	---	-------------	---	---	---

6	«Мен жастарға сенемін»	«Мен жастарға сенемін» көшбасшылардың диалог алаңы жоспарына сәйкес, 2023 жылдың 2 ақпан күні, №280 орта мектебінде мектеп тәлімгері және мектеп парламенті жетекшісі, оның ішінде дебат фракциясының министрі Абдулла Қарақаттың ұйымдастыруымен «Шетелде білім алу қажет пе?» тақырыбында АПФ форматы бойынша пікірсайыс өткізілді. Аталған тақырып бойынша «Үкімет» «Заман біздікі» және «Оппозиция» «Алаш зиялылары» өз позицияларын нақты фактілермен қорғап шықты. Төрешілердің қорытындысымен жеңіске «Үкімет» «Заман біздікі» 8 «Ә» сыныбы жетсе, «Оппозиция» «Алаш зиялылары» 7 «Ә» сыныбы екінші орынды иеленді. Марапаттарыңыз құтты болсын! Мақсаты: Көшбасшы қасиеттерін дамытып, тұлға қалыптастыру шараларын ұйымдастыру. Өзі жүрген ортадағы әлеуметтік жағдайларды талқылап, мәселені шеше білу дағдыларына тәрбиелеу.	02.02.2023ж	https://www.facebook.com/100012967726657/posts/pfbid0nj9osH5qQ9hrsrS2LCLnv9AqDdCQ15pVJg1G8Lf3DJ9LbrXw92ENBLWNE1wFaaYtl/?d=w&mibextid=qC1gEa	6	
---	--------------------------------------	--	-------------	---	---	---

7	«Жақсылық жасап жарыс», «Балалар әлеміндегі игі істер»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, «Балалар әлеміндегі игі істер» жобасын жалғастыру мақсатында, 2023 жылдың ақпан айының 9 күні мектебімізде 7 сынып жас ұландарының қатысуымен «Жақсылық жасап жарыс!» атты мектеп кітапханасында қайырымдылық шара жасалды. Мақсаты: Мектебіміздегі белсенді, әрі ерікті жас ұлан оқушыларымызбен қайырымдылық шараларын ұйымдастыру. Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің, — дейді қазақ халқы. Қайырымдылық-адамзат бойындағы ерекше бір қасиет болып саналады. Осындай керемет сөздерге сүйене отырып әрқашан қайырымдылық жасап жүруді мақсат етіп келеміз. Кітапхананы таза ұстап, кітаптарға құрметпен қарау міндетіміз деп білеміз! Міндетімізді жақсылап орындайық деген оймен жас ұландардың көмегімен осындай жақсы бір шара жасап, орындадық. Ұйымдастырушылар: мектеп тәлімгері, мектеп психологы, мектеп кітапханашысы.	09.02.2023ж	https://www.facebook.com/100012967726657/posts/pfbid0TdDgCLo642P8AQcU55Bg2bybZPZKxYJJyzG9C63if8bGMHMEaaKTejuxWNbqcCUl/?d=w&mibextid=qC1gEa	11	
---	---	--	-------------	---	----	---

8	Мақала «Мектеп – білім мен тәрбиенің қайнар көзі»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында «Мектеп – білім мен тәрбиенің қайнар көзі» атты тақырыпта «Ұстаз мәртебесі» газетіне мақала жарияладым. Мақсатым: Мектептегі жас ұлан ұйымының белсенді оқушыларының атқарып жатқан жұмыстарын көрсету.	12.01.2023	Мақала жарияланды: Ұстаз мәртебесі №2 (437) 12.01.2023ж «Мектеп – білім мен тәрбиенің қайнар көзі»		
---	---	--	------------	---	--	---

9	«Қазақ поэзиясының Хантәңірі Мұқағали Мақатаев»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 9 ақпан күні ақиық ақын, артына өшпестей із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай, мектеп ұланбасы Жұмабек Бақдаулет ақынның «Есіңе мені алғайсың» әнін шырқады. Мақсаты: Ақын өлеңдері арқылы оқушылардың Отанға, халқына, тілге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту және әрдайым жақсы сезімде болуға тәрбиелеу. Ұйымдастырушы: мектеп тәлімгері.	09.02.2023ж	https://www.facebook.com/100012967726657/posts/pfbid0VWkx45LJUrvJWsH7VRf4M8gwbxuj2BU8Sm6q3n6tYrVMyBoXPsmBQZP66j1X3Kqpl/?d=w&mibextid=qC1gEa а ф	1	  
---	---	--	-------------	---	---	---


10	«Ақылды бейсенбі», «Алаш жолы», «Оқуға құштар ұлан», «Оқуға құштар мектеп»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 13 ақпан күні мектебіміздің кітапханасында «Ақылды бейсенбі», «Алаш жолы», «Оқуға құштар ұлан», «Оқуға құштар мектеп» жобалары бойынша 8 «Ә» сынып жас ұландарымен жұмыс жасалды. Мақсаты: Алаш зиялыларының өнегелі өмірін насихаттау. Кітап оқуға дағдыландыру, насихаттау, қызығушылықтарын арттыру. Алаш арыстарының қанатты сөздерімен ой-толғамдарын балалар бойына сіңіруге бағытталған іс-шара болды. Оқушылар «Оян, қазақ!» кітабынан, Міржақып Дулатовтың өлеңдерінен үзінділер оқыды. Ұйымдастырушы: мектеп тәлімгері және кітапханашы.	13.02.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid036agvYkTQ3FumFS7fDkp7UM4ubvgZ1Xkc6tTBdiXzno3N313jH6jXXsLgXrFddyrbl&id=100012967726657&mibextid=Nif5oz	11	
----	--	--	-------------	---	----	---

11	«Көңілді үзіліс»	Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 14 ақпан күні, мектебімізде, мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен 2 «Ә» сынып оқушыларымен «Көңілді үзіліс» өткізілді. Мақсаты: ойын арқылы оқушылардың көңілін сергітіп, шапшаңдықтарын дамыту.	14.02.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfid0iq6SRX1y7LGskKAbDnkGD3nog62U2qaRTJBLfUZxkiw8722t1BfJyk3TevH9GrCSI&id=100012967726657&mibextid=Nif5oz	20	
----	------------------	--	-------------	---	----	---

12	«Жас Ұлан-Шын Дос»	Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 17 ақпан күні, мектебімізде, мектеп тәлімгері мен мектеп психологының ұйымдастыруымен «Жас Ұлан-Шын Дос» акциясы және «Сиқырлы әлем» психологиялық апталық аясында ерекше білімді қажет ететін балалар арасында іс-шара өтті. Мақсатымыз: ерекше қабілеттегі балаларға жақсы көңіл күй сыйлау, олармен жұмыстар жүргізу және түрлі шаралар ұйымдастыру. Баланың бір күні екінші күнге ұқсамайтындай өзгешелік сыйлауды жөн көрдік. Балалармен бірге әртүрлі ойындар ойнау арқылы көңілдерін көтердік. Ойнатылған ойындар балаларға әрі жаттығу болды. Балалар өздерін өте еркін ұстап, белсене қатысты. Баланың барлығы бақытты болуға лайық!	17.02.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Ed8XVSCrr8vHJN3kKpWjwapDHi1QmERSLESiZ4f84Ya6jQqFY1mPb16ufqNS8Ppkl&id=100012967726657&mibextid=Nif5oz	4	
----	--------------------	---	-------------	---	---	---

13	«Даналық дәні», «Ақылды бейсенбі», «Ұрпаққа өнеге болған ерлік»	Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, «Даналық дәні», «Ақылды бейсенбі» жобалары бойынша 2023 жылдың 17 ақпан күні, мектебімізде, мектеп тәлімгері мен АӘД пәні мұғалімінің ұйымдастыруымен «Ұрпаққа өнеге болған ерлік» атты үлкен іс-шара өтті. Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығуына 34 жыл толуына мерекесіне орай ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға Ауған соғысының болу себептерін түсіндіру; Отанын құрметтеуге, еркіндікті бағалай білуге, ұлтжанды, елжанды болуға үйрету; Бейбітшілік үшін күрескен ерлердің қаһармандығы мен күрескерлік ерліктерін әрқашан есте сақтауға, үлгі ете білуге тәрбиелеу. Ауған соғысының ардагері Жүсіпов Ғабит Тынымбекұлымен кездесу өтті. Іс-шараны мектеп директоры Жанат Шамшатқызы сөз сөйлеп ашты. Ардагер ағамызға сөз беріліп, майданда қаза тапқан ағаларымызды еске алу сәті де болды. Оқушыларымыз ағамызға көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, өз жауаптарын алды. Іс-шара барысында ән де, би де, көріністе болды. Соңында ағамыз оқушыларымызға жақсы лебізін білдірді! Оқушыларға патриоттық тәрбие беретін керемет кездесу болды.	17.02.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02rEHvrfLttPzJUdUtg7rJBM6oLwZniVxeDw9tW1yWggotXvEZXdgmw8CStuEwvLi5l&id=100012967726657&mibextid=Nif5oz	25	
----	---	---	-------------	---	----	---


14	«Музей сағаты»	Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, «Музей сағаты» жобасы бойынша 2023 жылдың 16 ақпан күні, мектебімізге , Қызылорда қаласының тарихи жылжымалы көрме музейі келді. Қор сақтаушы Байділдаева Бақыт және ғылыми қызметкер Жадыра Мадикызы музей заттарымен оқушыларды таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Музейге мектебіміздегі 0-9 сынып оқушыларының барлығы қатысып, тамашалады. Мақсатымыз: Жергілікті музейлермен ынтымақтастықта музей сағаттарын ұйымдастыру. Мектеп тәлімгері Райса Серікбай	16.02.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02xrVczt98jCYtC5LZ2ahx29sJ5S7zz6FiPdokeEsgHMZpvNixVjdBPKd17xpgj1u6l&id=100012967726657&sfnsn=mo&mibextid=RUbZ1f	200	
----	----------------	---	-------------	---	-----	---

15	«Jas Ulan Team», «Мектеп театры»	Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 22 ақпан күні мектебімізде мектеп тәлімгері мен АӘД пәні мұғалімінің ұйымдастыруымен «Театр тәлімі» жобасы аясында, Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығуына 34 жыл толу мерекесіне орай, мектеп оқушылары «Әскерге шығарып салу» атты қойылым қойып, көрсетті. Қарапайым қазақ баласының әскерге аттанып, Ауған соғысына қатысып, елге оралуы оңай болмағаны жөнінде көрініс көрсетілді. Мақсатымыз: Мектеп театрын жүргізу арқылы балалардың шығармашылығын дамыту. Оқыған кітаптары арқылы шығармаларды сахналау. Көріністер қою. Танымдық сағаттар өткізу. Оқушыларымызға әркез шығармашылық табыстар тілейміз!	22.02.2023ж	https://www.facebook.com/100012967726657/posts/pfbid0KV Dn9PxvWCbt3JL uiDfgtMY4Php2 GZ99jwnUDknd mEXg6WYx9ET6 vitBsuv6Wksgl/?mibextid=Nif5oz	10	
----	----------------------------------	---	-------------	---	----	---


16	«Көңілді үзіліс»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 23 ақпан күні, мектебімізде мектеп тәлімгері мен мектеп психологының ұйымдастыруымен, 7-8 сынып оқушыларының арасында, «Есімнің тарихы» және «Жүректен жүрекке» тақырыбында, «Сикырлы әлем» психологиялық апталық аясында тренинг жасау арқылы «Көңілді үзіліс» өткізілді. Мақсатымыз: оқушылардың өзара сенімділігін, қарым-қатынасын, ұйымшылдығын арттыру, көңілді сергітіп, көңілдерін көтеру.	23.02.2023ж	https://www.facebook.com/100012967726657/posts/pfbid02n35o6G7CmCRPCuBjVcShjct3N763D39BmzejSsDYuAFmr1jdxXf9VsZ5ZxJLie2ul/?sfnsn=mo&mibextid=VhDh1V	23	
----	--------------------------------	--	-------------	---	----	---

17	«Менімен бірге арманда»	Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 24 ақпан күні, А.Хангелдин атындағы №179 орта мектеп базасында, Жас Ұлан ұйымының жылдық жоспарына сәйкес, «Менімен бірге арманда!» акциясы аясында, 9 аймақ тәлімгерлерінің ұйымдастыруымен үйден оқитын оқушылар арасында сайыс өткізілді. Жалпы сайыс 3 кезеңнен тұрды, 1. «Таныстыру» 2. «Өз өнері» 3. «Сұрақ-жауап» Осы сайысқа мектебімізден 5 сынып оқушысы Келдеш Таңшолпан қатысып, қалалық білім бөлімінің «АЛҒЫС» хатымен, жетекшісі Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің «АЛҒЫС» хатымен марапатталды. Құттықтаймыз!	24.02.2023ж	https://www.facebook.com/100012967726657/posts/pfbid0V3TvVM5m2Afd7sRB2nvbkVpUTTsCJWdGsG8UStpAdk861pryJcr3I/?sfnsn=mo&mibextid=VhDh1V	10	
----	---------------------------------------	--	-------------	---	----	---

18	«Шынайы жүректен алғыс»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 27 ақпан күні, №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына, 9-шы аймақ тәлімгерлерінің ұйымдастыруымен 5 мектеп (№271, №179, №280, №138, №211) оқушылары мен тәлімгерлері барып, алғыс айту мерекесіне орай іс-шара ұйымдастырып, «Шынайы жүректен алғыс» атты сазды бағдарлама өткізді. Әр мектептің оқушылары ән шырқап, қарияларымыздың батасын алды! Қарттарымызға жақсы көңіл күй сыйлады. Алғыс айту күні – бұл ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік өзара сенімділік пен барлық Қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президентіміздің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні.	27.02.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=fbid02crU7mG6x9HZgvgDW4GKm9oVUHQEBzkpSe3Q43eeUUoZu8HcDCXQ8fnwUtkSyeZ73I&id=100012967726657&sfnsn=mo&mibextid=VhDh1V	11	
----	-------------------------	--	-------------	---	----	---

19	«Алғыс айту»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 1 наурыз күні, мектебіміздің 1 сынып оқушылары «Алғыс айту» мерекесіне орай ұстаздарына, аспазшыға, тазалықшы апайларына, дәрігерлерге, жол полиция қызметкерлеріне, анасына, әкесіне, әпкесіне алғыстарын білдірді. Жақсы сөз айту, жақсылық жасау – әрбір адамның міндеті. Әрине, жылдың әр күні сыпайы болуға тырысуымыз керек. Алайда, көп жағдайда алғыс айтуды ұмытып, немесе оған ерекше көңіл бөлмейміз. Алғыс сөздерінде бір сикырлық бар - олар арқылы біздер бір - бірімізге ризашылығымызды көрсетеміз, көңілімізді білдіреміз, жақсы эмоциялар сыйлаймыз. Ғалымдардың айтуы бойынша, рахмет сөзін айту - адамдар арасында жақсы қатынас орнатады. Алғыс сөздері - адамды тыныштандыру, жүрегін жылытудың бірден - бір амалы. Бастысы, алғысыңыз жүректен шығуы шарт. Мақсаты: Үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту.әдептілік, кішіпейілділік, ізгілікке тәрбиелеу. Оқушылар арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.	01.03.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02YuEgh6Z7LTn4hgpDH6YCKXLVtZkx1cEDQFYaSPfuyMhGdszaHXTnxEyW4BUDiG33I&id=100012967726657&fnsn=mo&mibextid=VhDh1V	30	
----	--------------	---	-------------	---	----	---

20	«Оқуға құштар ұлан»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, өтіп жатқан «Оқуға құштар ұлан» жобасына, 2023 жылдың 2 наурыз күні, мектебіміздің 4 «Ә» сынып жас ұланы Есенғазы Аягөз қатысты. Ол Алаштың сөнбес жұлдызы – Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін оқыды. Мақсаты: Алаш зиялыларының еңбектерін насихаттау. Шығарамаларын оқу. Бүгінгі жас ұрпақты кітап оқуға шақыру. Ұйымдастырушы мектеп тәлімгері.	02.03.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0dz75AkssCsM5ssuyShYNNhMiNz4Z8W2m8TXz4SD1iYXP9ehU53BqGnbJ7G8Jz13ehl&id=100012967726657&sfnsn=mo&mbextid=RUbZ1f	1	 
----	---------------------	--	-------------	---	---	---

21	«Оқуға құштар ұлан»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, өтіп жатқан «Оқуға құштар ұлан» жобасына, 2023 жылдың 6 наурыз күні, мектебіміздің 3 «А» сынып оқушысы Маратқызы Нұрайлым қатысты. Нұрайлым Мұқағали Мақатаевтың «АНА» өлеңін оқыды. Оқушының бұл өлеңді оқуы аналар мерекесіне деген құрметі мен құттықтауы болды. Әрқашан аналарымыз аман болсын! Жобаның мақсаты: Балаларды кітап оқуға насихаттау. Ұйымдастырушы мектеп тәлімгері.	06.03.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=photo34DkUPosJ4HwzsWWPQrkonTp9Ti6C97uihjyn1GS8WKviDs uufbBem6QG1AiEzbnkj&id=100012967726657&source=share&_ftid=RUbZ1f	1	
----	---------------------	--	-------------	---	---	---

23	«Мен сияқты жаса» «Жаксылық жасап жарыс»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, өтіп жатқан «Оқуға құштар ұлан» жобасына, 2023 жылдың 14 наурыз күні, «Мен сияқты жаса» және «Жаксылық жасап жарыс» атты қайырымдылық шарасы өтті. Бұл шараға мектебіміздегі 8 сынып жас ұландары қатысты. Шараны ұйымдастыру мақсатымыз: мектебіміздегі белсенді, әрі ерікті жас ұлан оқушыларымызбен қайырымдылық шараларын ұйымдастыру. Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің, — дейді қазақ халқы. Қайырымдылық-адамзат бойындағы ерекше бір қасиет болып саналады. Осындай керемет сөздерге сүйене отырып әрқашан қайырымдылық жасап жүруді мақсат тұтқан оқушыларымыз Досан ауылының тұрғыны, зейнеткер Ибраева Несібелі апаның үйіне барып қол көмек көрсетті. Несібелі апа балаларға риза болып ақ батасын берді. «Батаменен ел көгерер»- дегендей балаларымыздың болашақтары ашық-жарқын болсын! Ұйымдастырушы мектеп тәлімгері және ұланбасы.	14.03.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02tbN3u9wjYHNTLqghX87dmLgZxVXNnx9f6xpWnnfpvYLZUiycBXzL9kwQ64yHc3H4I&id=100012967726657&sfnsn=mo&mbextid=VhDh1V	4	
----	---	---	-------------	--	---	---

24	«Оқуға құштар ұлан»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, өтіп жатқан «Оқуға құштар ұлан» жобасына, 2023 жылдың 15 наурыз күні, мектебіміздің 3 «Ә» сынып оқушысы Қосымбай Адина қатысты. Мақсаты: Оқу мәдениетін қолдау және дамыту. Кітап құмар Қосымбай Адина оқушымыз Ахмет Байтұрсынов атамның «Оқуға шақыру» атты өлең шумағын оқыды. Адина озат оқушы бол! Ұйымдастырушы мектеп тәлімгері	15.03.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0GUNQJKm3WU5BPgQ4ou9ZN9ZremcPRgLZsSyGRqMyqUBKV9Gcg179haanYkFM3rl&id=100012967726657&mibextid=Nif5oz	1	  
----	---------------------	---	-------------	---	---	---

25	«Қасиетті домбыра»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» Жас Ұлан ұйымының жылдық жоспарына сәйкес «Қасиетті домбыра» акциясы аясында 2023 жылдың 16 наурыз күні 9-шы аймақ мектеп оқушылары арасында жас күйшілер сайысы өтті. Мектебімізден 9-сынып оқушысы Көшен Ұлбосын қатысты. Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қазақтың аспаптық музыкасын терең түсінетін, құрметтейтін, халқымыздың ұлттық аспабы домбыраны қастерлейтін ұрпақ тәрбиелеу. Өнерге бейімдеу, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Ұйымдастырушы: аймақ тәлімгерлері.	16.03.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Xk5xo4LfD7oWkvankZR1shaPEa8XJmsQ9UR38NGU1LUAF13NrHyDANGPH8B9yV32I&id=100012967726657&mibextid=Nif5oz	1	
----	----------------------------------	--	-------------	---	---	---

26	«Оқуға құштар ұлан»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, өтіп жатқан «Оқуға құштар ұлан» жобасына, 2023 жылдың 17 наурыз күні, мектебіміздің 3 «Ә» сынып жас ұланы Сәден Іңкар қатысты. Ол Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының «Наурыз» өлеңін оқыды. Жоба мақсаты: Алаш зиялыларының еңбектерін насихаттау. Шығарамаларын оқу. Бүгінгі жас ұрпақты кітап оқуға шақыру. Ұйымдастырушы мектеп тәлімгері.	17.03.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02e25VryAKdsCXMieWjC2AuPusRqSHagY9mHaLZtXsFTH6WN9UXqibRASC1r4kMkb6I&id=100012967726657&mibextid=Nif5oz	1	  
----	---------------------	--	-------------	---	---	---

27	«Көңілді үзіліс»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 17 наурыз күні, мектебімізде, «Көңілді үзіліс» ұйымдастырылды. Бұл шарада оқушыларымызға «Бес асық» және «Асық ату» ойындары ойнатылды. Мақсаты: Наурыз мерекесі қарсаңында ұлттық ойындарды дәріптеу және балалардың көңілдерін сергіту. Ұйымдастырушылар: РайсаСерікбай мен Мақсат Асқар.	17.03.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0FFqc3P87r8sTsBmbFFGtBSpuVG2gf7dE7pWC63nWMfcGp1Ku2EjL6HLDHGAK66ZTI&id=100012967726657&mibextid=Nif5oz	15	
----	------------------	---	-------------	---	----	---

28	«Наурыз күй» «Домбырашылар челленджі»	Төл өнерімізді төрге оздырар жас таланттарымыз «Домбырашылар челленджінде...» Қала мектептерінен құралған 9-шы аймақ (10,39,138,144,173,179,211,222,271, 280) жас таланттары, Ұлыстың Ұлы күнінде қазағымыздың қара домбырасын күмбірлетіп, күйден пашу шашатын республика көлемінде барлық оқу орындарында ұйымдастырылып жатырған қасиетті ұлттық домбырамызды насихаттауға бағытталған «Ұлттық челленджге өз үлестерін қосты.» «Ерке сылқым» күйі орындалды. Қазақ халқының басқа халықтардан ерекшеліктерінің бірі ол өзінің ұлттық музыкасының болуы. Атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақталып, қымбат қазынаға айналды. Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы домбыра күйлері. Домбыра мұнша шешен болдың неге? Күй толған көкірегің шежіре ме? Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесін Саусағым тиіп кетсе ішегіңе. Қ. Аманжолов	17.03.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfid02XSpsvhSCYE9QKqDkYdYdZBNVwzZNvyrswDWoFzTvg9phLSyWayUfgALiivAT38I&id=100012967726657&mibextid=Nif5oz	7	
----	--	---	-------------	---	---	---

29	«Жас Ұландар құттықтауы»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 22 наурыз күні, №280 орта мектебінің жас ұландары, желі арқылы, наурыз мерекесімен барша қазақ халқын құттықтады. Ұйымдастырушы мектеп тәлімгері.	22.03.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid05wMtb2RC E3BFmVkfZD5ERp3M4BTKwPggDzoEnrNBUREKRxjNs322gQio4HoGRkfbl&id=100012967726657&mibextid=Nif5OZ	7	       
----	--------------------------	---	-------------	---	---	---

30	«Қош келдің, әз Наурыз»	«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 22 наурыз күні, №280 орта мектебінде «Қош келдің, әз Наурыз» атты үлкен мерекелік іс-шара өтті. Бұл іс-шараға Досан ауылының тұрғындары келіп, қонақ болды. Ән айтылып, терме орындалып, бишілеріміз би биледі. Қарияларымыз бата беріп, шашуда шашылды. Салт дәстүріміз бойынша «Қыз ұзату», «Келін түсіру», «Күда күту», «Бесікке салу» рәсімдері көрсетілді. Бұл шараға бүкіл ұжым ат салысты. Ұйымдастырушылар мектеп тәлімгері және бірлестік жетекшілері.	20.03.2023ж	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=fbid02xwrzAYZt18HfYBHzLwfau46kZ1tzZn5QxYHE3rbLEHcf4xU9VBjgyFKDFXSeswoTI&id=100012967726657&mbextid=Nif5oz	20	
----	---------------------------------------	---	-------------	---	----	--